

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 697 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 1 қазанда № 12130 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 971 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.12.2015 № 971 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексі 16-бабының 37) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы

тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынууды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Б.Б. Нұрымбетовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі *Т. Дүйсенова*

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 28 тамыздағы
№ 697 бұйрығымен
бекітілген

Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге сүт, емдік-профилактикалық тағам, арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, оларды ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібін белгілейді.

2. Сүт, емдік-профилактикалық тағам (бұдан әрі – ЕПТ), жеке қорғану құралдары, арнаулы киім мен арнаулы аяқ киім Еңбек кодексінің 16-бабының 38)

тармақшасына сәйкес бекітілген нормаларға (бұдан әрі – Нормалар) сай беріледі.

3. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жеке қорғану құралдары – қызметкерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған құралдар, оның ішінде арнаулы киім және арнаулы аяқ киім;

2) ұжымдық қорғану құралдары – екі және одан да көп жұмыс істеушілерді зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардан бір уақытта қорғауға арналған техникалық құралдар;

3) өндірістік жабдық – машиналар, механизмдер, құрылғылар, аппараттар, аспаптар және жұмысқа, өндіріске қажетті өзге де техникалық құралдар.

2. Қызметкерлерге сүт және емдік-профилактикалық тағам беру тәртібі

4. Сүт және ЕПТ қызметкерлерге өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау нәтижелері бойынша кәсіптік аурулар мен уланулардың алдын алу, қызметкерлердің денсаулығын нығайту мақсатында беріледі.

5. Сүт және ЕПТ әр ауысымға (үзіліс уақытында) оның ұзақтығына қарамастан химиялық заттарды өндіруге немесе қолдануға байланысты жұмыстарда қызметкердің нақты жұмыс істеген күндеріне нормалар бойынша беріледі.

6. Сүтті және ЕПТ өткен уақытқа немесе бірнеше ауысымға алдын ала беру, сондай-ақ өз уақытында алынбаған ЕПТ үшін өтемақы төлеу жүргізілмейді.

7. ЕПТ жұмыс басталар алдында таңертеңгі ыстық ас түрінде және ұйымның медициналық-санитариялық бөлімінің келісімі бойынша түскі үзіліс кезінде беріледі. Жоғары қысым жағдайында жұмыс істейтін (кессондарда, барокамераларда, суда жүзетін жұмыстарда) қызметкерлерге ЕПТ шлюзға өткеннен кейін беріледі.

8. ЕПТ сондай-ақ, толық жұмыс күнін құрылыс, құру-монтаждау, жөндеу-құру және іске қосу-баптау жұмыстарында өткізетін қызметкерлерге, негізгі қызметкерлер, сол сияқты жөндеу персоналы үшін де ЕПТ белгіленген ерекше зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істейтін өндірістерде – өндірістік жабдықты тазалауды жүргізетін және жөндеу мен консервацияға дайындайтын қызметкерлерге беріледі.

9. Е П Т және с ү т :

1) жұмыс істемейтін күндері;

2) демалыс күндері;

3) қызметтік іссапар күндері;

4) өндірістен қол үзіп оқу күндері;

5) ЕПТ беру көзделмеген басқа учаскелердегі жұмыстарды орындаған күндері

;

б) жұмысқа уақытша жарамсыз кезеңде берілмейді.

10. Азық-түліктің бір түрін ЕПТ-нің екінші түрімен ауыстыру Нормаларда айқындалған азық-түлікті өзара алмастыру нормалары шегінде жүзеге асырылады.

11. ЕПТ дайындау және беру, негізінде әр күнге мәзір-тарату жасалатын рациондар бойынша ЕПТ-нің таңертеңгі ыстық астың шамамен алты күндік мәзірін таратуға сәйкес жүргізіледі.

12. Мәзірді қызметкерлерге тамақ дайындауды жүзеге асыратын ұйым өндірісінің меңгерушісі құрастырады.

13. Еңбек жағдайының ерекше зияндылығына байланысты жұмыс берушінің қаражаты есебінен ЕПТ алатын қызметкерлерге сүт немесе оған теңестірілген басқа да азық-түлік берілмейді.

3. Қызметкерлерге арнаулы киім, арнаулы аяқ киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру, ұжымдық қорғану құралдарымен, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібі

14. Жеке қорғану құралдары қызметкерлерді жұмысқа қабылдау не оны басқа жұмысқа ауыстыру кезінде не осы құралдарды пайдалану мерзімінің аяқталуына байланысты белгіленген Нормаларға сәйкес беріледі.

15. Нормаларда белгіленген жеке қорғану құралдарын пайдалану мерзімдері оларды қызметкерлерге нақты берген күннен бастап күнтізбелік күндермен есептеледі.

16. Жеке қорғану құралдары сертификатталады, сондай-ақ киюге ыңғайлы, қозғалуға бөгет жасамайды, қызметкерлердің тиісті өлшемдеріне сәйкес іріктеледі және беріледі.

17. Противогаздар, өздігінен құтқарғыштар, сақтандыру белбеулері, масаханалар, каскалар және де өзге де құралдар жүйелі түрде сынақтан өткізілуге және жарамдылығы тексерілуге, ал қорғаныш қасиеттері төмендеген фильтрлер, шынылар және басқа да бөлшектер уақытында ауыстырылуға тиіс. Тексеруден кейін жеке қорғану құралдарында келесі сынақ мерзімдері туралы белгі (клеймо, мөртаңба) жасалады.

18. Жұмыс беруші жеке және ұжымдық қорғану құралдарына тиісті күтімді ұйымдастырады, жеке және ұжымдық қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуді, сондай-ақ оларды жөндеуді уақытында жүзеге асырады.

19. Еңбек жағдайлары бойынша қажет болған жағдайларда ұйымдарда жеке

қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуге арналған кептіргіштер, камералар мен қондырғылар орнатылуға тиіс.

20. Жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеу, жөндеу қызметкерлер жұмыстан бос уақытта (демалыс күндері) немесе ауысымаралық үзілістер кезінде жүргізілуге тиіс.

Егер Нормаларда қызметкерлерге арнаулы киім мен арнаулы аяқ киімнің екі немесе үш жинақтамасын беру көзделсе, жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеу және жөндеу жұмыс уақытында жүзеге асырылады, қызметкерлерге осы уақытқа жұмыс берушіде қажетті мөлшерде болатын арнаулы киімнің, арнаулы аяқ киімнің ауысымдық жинақтамалары беріледі.

21. Қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін немесе қызметкерге байланысты емес себептер бойынша Нормаларда белгіленген пайдалану мерзімі өткенге дейін жарамсыз болып қалған арнаулы киім, арнаулы аяқ киім ауыстырылуға тиіс.

22. Маусым басталғанда арнаулы киім мен арнаулы аяқ киім олар алдыңғы маусымда берілген қызметкерлерге қайтарылады.

23. Қызметкерлерге берілген арнаулы киімді, арнаулы аяқ киімді және басқа жеке қорғану құралдарын сақтау үшін жұмыс беруші құрылыстық нормалар мен қағидалардың, санитариялық-эпидемиологиялық нормалар мен қағидалардың талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған үй-жайлар (гардеробтар) береді.

24. Ұзақ сақтауға бергенге дейін арнаулы киім мен арнаулы аяқ киім ластықтан тазартылады, кептіріледі, жөнделеді және зарарсыздандырылады.

25. Осы кезеңге белгіленген жұмыс уақыты нормасын толық орындаған қызметкерге сабын берудің айлық нормасы Нормалардан төмен белгіленбейді.

26. Ұжымдық қорғаныс жабдықтары, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мен құрылғылар өндірістік ғимараттарды және құрылыстарды жобалау, салу және реконструкциялау кезінде технологиялық процестерді, машина конструкцияларын, механизмдерді, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды ескере отырып, техникалық регламенттерге, стандарттарға және құрылыс нормалары мен қағидаларына сәйкес көзделеді.

27. Гардероб, душ, жуынатын, емдік-профилактикалық құралдармен, медициналық қобдишалармен, дәретхана, жартылай душтарды, ауыз сумен жабдықтау қондырғылары орналасатын орындармен, арнаулы киімді, арнаулы аяқ киімді жылытуға немесе салқындатуға, өңдеуге, сақтауға және беруге арналған, өзге де санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және құрылғылармен қамтамасыз ету тәртібі мен шарттары ұжымдық шартта немесе жұмыс берушінің актісінде айқындалады.

